Нұрбол ҚҰДАЙБЕРГЕН:

# Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі керемет!



## Бізде бәрі тамаша!

Бізде бәрі тамаша,бізде бәрі керемет!
Көйлегің көк, қарның тоқ сұрау бар ма
неге деп?!
Ұлттың мұңы таусылмас ойлап оны не керек,
Ел басында жарық тұр көктен нұры себелеп...
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі керемет!
Қызым күңсіз, ер құлсыз күн туады деген-ек,
Жалшы болсақ өзгеге елдігіміз көгерет
Намысымыз пұл болса, мың бақытқа кенелед.
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі тамаша,
Тілім құрып барады, тірлігіміз жаңаша.
Дінім құрып барады дүмшелермен таласа,
Асулардан асамыз төбелерден аласа...
Бізде бәрі тамаша, алаңдамай жатайық,
Жемтірленген жеріңді жатқа беріп сатайық,
Өлтірмеген еріңді сотқа беріп атайық,
Жетім күйлі еліңнен жасампаздық жасайық
Қызыққа бір батайық!
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі ғажайып,
Қаймақтары халқымның бара жатыр азайып,
Шала піскен сүтіңнен қаймағы не, қаспақ жоқ,
Оған сиыр кінәлі бізден емес бас айып!
Бізде бәрі осылай, бізде бәрі тым жақсы,
Ертең елім өркендеп аяғынан тұрмақшы
Тек бір шарты бар оның: аяқ шалсаң,
көз ойсаң,
Сосын саңырау қылып, жаңғыруды тыңдатшы,
Ааа, айтпақшы тілін де қырқып алсаң
тым жақсы.
Азғындаған дәуірдің атақ, ақша арманы,
Маңызды емес қалғаны, маңызды
емес жалғаны,
Қырып жойған қынадай қызыл қаным садаға
Түссе түссін жалғыз-ақ рухым қалса болғаны,
Бізде бәрі керемет, бізден халді сұрама!
Жасап жатыр барлығын, жасай берсін
Нұр аға!
Батпан құйрық бақыттан сынып кетті бұғана.
Өмір сүре аласың арды берсең құнара,
Құр сүлдерім қалды ма, тәннен азат
жанды да,
Қидым саған қазағым қиям саған барды да.
Шымбайыңа батты ма, соға аламын
қатты да,
Әңгіртаяқ ойнатар басыңа әлі жат мына..
Нұр сыйлаған бақыттан бас тартамын
мен енді,
Менің жерім көлемді, менің елім кемелді,
Мұхтар айтты өтірік, Ринат та жағымпаз
Дәрежесі даламның, алты құрлық ғаламның
Терезесімен теңелді, Керегесінен кең енді
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі керемет!
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі керемет!
Тамып жатыр аспаннан елдің Нұры себелеп,
Кінәсі жоқ оның да кінәң да жоқ сенің де..
Құдай шығар енгізі айыбыңа бөлемек.
Бізде бәрі тамаша, бізде бәрі керемет...

## Аппағым

Шат күлкіңді,жүзіңе нұр сыйлаған,
Жүрегіңді жаттыққа сыр қимаған,
Мен сеземін сезімің мен дегенде,
Қайта қағар қанатын құлдилаған.

Жанарыңда шұғылаң бақыт түзер,
Үмітіңнен үрлеген жаныпты шер.
Қалқатайым мен де бір жұлдыз ғұмыр,
Кеудесінен аспанның ағып түсер.

Естігенім жаныңның аппақ үнін...
Есімде әлі сол күннің шақтары мың.
Сәулесіне бөлеген сәби жүрек,
Шуағыңа айналса сақта күнім!

Кірпігіңе шық тұнған кей түндері,
Тағдырыңа наз айттың күй түрледі.
Білем ,сезем,аппағым айтпай-ақ қой,
Содан болар жалғыз-ақ сүйдім сені!

## Мақта жайлы

Ей,Өмір-ай неге мұнша қызықсың
Жұмбақсың-ау, қымбатсың-ау, бұзықсың.
Бағалайтын мен емеспін о кешір,
Жаралайтын заңдарыңды сызыппын.

Қандай қырың болса дағы ақынға,
Тек күрессіз жолдарыңа шақырма.
Сүрінгенде жыламадым жұбат деп
Адымдарым алыс болды жақынға.

Солай бәрі ермін әлде езбін бе,
Бақыт іздеп бекер босқа кездім бе
Неге өмір егер алып тау болсам,
Ақ басыма қоналмайды ешкім де

Батылдығы жетпей жатып ақ қарға,
Мәз бола ма аққа қара жаққанға.
Әлде аязы тоңдырама ақ түстің
Құмар бәрі қырға көшіп жатқанға.

Айтшы қане бірімін бе күйіктін,
Мен өзіңе неге сонша тұйықпын.
Жауар жырым жерге тамып тұрса да
Ал өзіме биікпін!

Солай, солай өз ұғымың не десең,
Қарсы емеспін  қазір мені жерлесең.
Шырылымды тоқтатамын тек қана
Сәбиім деп тербесең!

Иә, Өмірім тағы айтайын бір жайтты,
Мұңлы емес ем қазір ол да мұңайтты.
Қауашақта бүлінбеген ақ мақта
Тағдырына сыр айтты:

– Көп жағдайға керегім көп,
Себебін кеп біле алман.
Керегім деп жұмсақ әрі
Аппақтығым құралған.

Кірштіктерді тазалаймын өзім таза болғанға,
Жылуым бар киім болып аяздарға тоңғанға.
Жарасына таңар мені жұмсақтығым үшін де
Содан кейін қажетім жоқ бұл ғұмырым
оңған ба.

Өмір сенің тағдыр балаң тіл қатыпты
сол мезет:
– Үкім солай аппағым-ау қайтесің сен
тіл безеп.
Тәңір жазса мен жазылам және
соны істеймін,
Бірақ сенің барлығынан даңқың үстем
тұр десед.

Мақта сонда қуаныштың
самалынан жарыла
Былай депті тағы да:
– О, Қамқоршы Тәңірім,
Құдіретіңнің бар ма өлшемі.
Мейіріміңнің бір бөлшегі
Еттің мені жаратып,
Тазалайын өзім кірлеп
Пәктік қана өмір сүрмек.
Өзің салған жылғамен
Өкінішпен өксік атып тұрған-ем.
Кешір мені, кешір анау пендеңді
Аппақ болып қалуы үшін нұрлы әлем.
Меніменен тазалықты теңеу қып,
Жараттың ба сұлулыққа жебеу қып.
Сақта мені және арды аяулы,
Былғатуға қандай құмар дереу жұрт.

Деген сөзін естіп тұрды Құдайым,
Құдайымнан мен де соны сұрайын.
Адамзатқа құрбан болар асылдар
Аман жүрсін деп тілеймін лайым!

## Аппағыма

Сағынышымды үдеттің,
Жауабым қиын дәл бұған.
Даусын тыңда жүректің,
Иісі де жұпар аңқыған!

Ғұмырды толық қиғанмен,
Жетпесім анық жұлдызға.
Жүректі жалғыз сыйлар-ем,
Жұлдыздан әсем бір қызға.

Болса да жаның жаралы,
Жаралы тіпті тәнің де.
Мен үшін өзің бағалы,
Төзер ем бәрі, бәріне...

Аңсарың бәлкім Төлеген,
Маңдайға жазса, көресің.
Жанымды сезсең білер-ең,
Сүйгеннің сонда көкесін.

Үміттің жібін жалғасаң,
Жолыңа гүлді төсермін.
Аппақсың енді әрқашан
Сүймесең де өз еркің.

Қашықтық деген сөз бекен,
Ғашықтық күші сұрапыл.
Арманым болса көздеген,
Айға да ұшу мұратым.



ТҮРКІ әлемі

Меншік иесі:
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер комитетінің төрайымы –
Дариға ТҰРЛЫБЕК

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:
Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

Ақылдастар алқасы:
Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

Газетіміздің өзге мемлекеттер-дегі өкілдері:

**Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ** *Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.*
**Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі** Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr
**Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті** – *Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail&: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com* **Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі.** *Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com* **Румыниядағы өкілі Гюльщен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі** *Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.*